

5-сынып. Олимпиадаға дайындық курсы

13-сабақ

Тақырып: Артқа есептеу

Сынып жұмысы

1. Айман ойлаған санын 2-ге көбейтіп оған 3-ті қосса 17 шықты. Айман қандай сан ойлады?
2. Айман бұл жолы ойлаған санына 5-ті қосты, сосын 3-ке бөлді, сосын 4-ке көбейтті және сосын 7-ге бөлді. Нәтиже 2 шыққна болса, Айман қандай сан ойлады?
3. Сиқырлы орманнан қалағаныңша алма теріп алуға болады. Бірақ қайтар жолда алдыңнан бірінен соң бірі 4 қорықшы шығып, сенен өзіңдегі барлық алманың тең жартысын алып қалады. Үйге 10 алма алып кету үшін неше алма теру керек?
4. Жолдың бойына бір қатар етіп бірнеше ағаш егілді. Келесі жылы осы ағаштардың әр екеуінің арасына тағы бір-бірден ағаш отырғылады. Келесі жылы тағы осылай ағаш отырғызылды. Сонда 1197 ағаш болды. Бірінші жылы неше ағаш отырғызылған?
5. Асқан мер Арман қолдарындағы кәмпиттерін тігіп ойын ойнады. Бірінші ойында Асқар барлық кәмпиттерінің тең жартысын ұтылды. Ал екінші ойында Арман барлық кәмпиттерінің тең жартысын ұтылды. Үшінші ойында Асқар тағы жеңілді. Сонда Асқарда 15 кәмпит, ал Арманда 33 кәмпит болды. Ойын басында әрқайсысында неше кәмпиттен болды?
6. Айжан бір күні үлкен ойын залына барды. Зал ұнаған соң ол келесі күні тағы бір досын ертіп келді. Егер әр келесі күні әр бала тағы бір достарын ертіп келсе 20 күнде зал лық толады. Нешінші күні зал жартылай еді?
7. Санға келесі амалдарды орындауға болады. Екі еселеу немесе цифрларының орнын ауыстыру. Осы амалдарды ғана орындау арқылы 1-ден 74-ті шығаруға бола ма?
8. 1-ден 1000-ға дейінгі барлық сандарды келесі дей ережелермен бір қатарға жазып шықты. Алдымен цифрлар қосындысы 1-ге тең болатындарын өсу ретімен, сосын цифрлар қосындысы 2-ке тең болатындарын өсу ретімен және т.с.с. жалғастырады. 996 саны нешінші тұр?
9. Сабаққа кешікпей келгендерге мұғалім кәмпит беріп қарсы алды. Бірінші келген балаға бір кәмпит және қалғандарының 10-нан бірі, екіншісіне 2 кәмпит және қалғандарының 10-нан бірі, ..., тоғызыншы балаға тоғыз кәмпитті және қалғандарының 10-нан бірі. Бірақ оныншы келген балаға кәмпит жетпей қалды. Мұғалім неше кәмпит алып келді?
10. Автоматта “1”, “2” және “3” түймелері бар:
“1” түймесін басқан кезде (m, n) жұбының орнына $(m - n, n)$ жұбын береді,
“2” түймесін басқан кезде (m, n) жұбының орнына $(m + n, n)$ жұбын береді,
“3” түймесін басқан кезде (m, n) жұбының орнына (n, m) жұбын береді.
Автоматтың көмегімен $(20, 23)$ жұбынан $(31, 17)$ жұбын алу үшін неше қадам керек?